



АҚЫҚАТ

ҰЛТТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ЖУРНАЛ

АБАЙ ӨЛЕҢІНДЕГІ ТЕКСТОЛОГИЯЛЫҚ ТҮЙТКІЛДЕР



**Бауыржан БЕРІКҰЛЫ,
Л. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің
магистранты**

Абай Құнанбайұлының «Қатыны мен Масақбай» деген өлеңі бар. Масақбай Абайдың інісі Ысқақтың ауылдасы болған адам, ол әйелімен ұрыса береді екен, өлең соған байланысты шығарылған.

Бірақ Абай бұл өлеңдегі екі бөлімнің бірін Масақбайдың, бірін қатынның атынан айтып отыр деп қателеспеу керек. Екеуі өзара кезектесіп бір-бірінің кемшіліктерін теріп айтысып отыр деп те ұғынбау керек. Керісінше, ақын мұның бәрін өз атынан айтып отыр! Абай екеуіне де өлеңмен мінездеме берген, бітім-болмыстарын ашқан. Тұрмыстық картинаны сөзбен салған. Ал, енді біз осыған байланысты біраз ой-пікірлерімізді ортаға салатын болғандықтан, алдымен сол өлеңнің (1957 жылғы нұсқасы бойынша) мәтінін толық келтірейік.

Сырмақ қып астына
Байының тоқымын,
Отының басына
Төрінің қоқымын
Бүксітіп,
Бықсытып,
Қоқсытып келтірді.
Осының бәрімен
Көңілінде міні жоқ,
Жүзінің нәрі мен
Бойының сыны жоқ.
Бүкшиіп,
Сексиіп,
Түксиіп өлтірді.
Күлкі боп көргенге,
Құрбыға қадірсіз.
Ас қылып бергенге
Шыдамас сабырсыз.
Келді, ойбай,
Салды айғай,
Түк қоймай боқтады.
Сөзінің жөні жоқ,
Ақылсыз томырық,
Қатынның күні жоқ

Қамшы мен жұдырық.

Барқылдап,

Тарқылдап,

Салпылдап тоқтады («Қазақтың көркем әдебиет баспасы», 1957 жыл, 1-том, 207-бет).

Осы кітаптың соңындағы түсінікте (343-бет):

«Масақбай – Абайдың інісі Ысқақпен ауылдас болған адам. 1910 жылғы Мүрсеит қолжазбасында өлеңнің біраз жолдары ауысып түсіп отырған және кейбір сөздері басқаша басылып келеді. Бұл жинақта 1905-жылғы Мүрсеит қолжазбасы негізінде өлеңнің соңғы жинақтарда басылып жүрген калпы сақталды», – деп түсіндіріледі.

Біз осы өлеңдегі өзгерістерге тоқталып өтпек (өзара салыстыру үшін) мақсатта арнайы 6 жерге жұлдызшамен белгі беріп отырмыз. Ал, жоғарыдағы нұсқаны алған себебіміз – кейінгі кітаптарда да (Абай, «Жазушы», Алматы, 1986, 1-том, 208-ші бетте) осылай беріліп келген.

Ендеше, сол жұлдызшалы 6 мәселеге қатысты ойларымызды сөйлетейік.

Бірінші мәселе:

Өлеңде «Байы айтады» мен «Қатыны айтады» деген тақырыпшаларының түсіп қалуы һәм олардың кей кітаптарда беріліп, бірақ орындарының ауысып кету жағдайы. Ал кей кітаптарда бұл тақырыпшалардың дұрыс берілмеуі.

Бұл өлең 1936 жылы («Қазақстан көркем әдебиет баспасы», Алматы) латын емлесімен шыққан Абайдың таңдамалы өлеңдер жинағының 114-115-ші беттерінде қалай берілген? Мұнда бірінші бөлімшесіне, яғни, «Сырмақ қып астына» деп басталатын тармақтың жоғарғы тұсына «Байы айтады» деген тақырыпшадан соң қос нүкте қойылып және екінші бөлімшесіне «Күлкі боп көргенге» деп басталатын жердің жоғарғы тұсына «Қатыны айтады» деген сөзден соң қос нүкте қойылып, әрі қарай өлең өрбиді.

Неге екені белгісіз, әр жылғы кітаптарда, толықтырылып шығарылған Абай кітаптарында дәл осы 1936 жылғы нұсқасы назарға алынбайды... Ол көңіл аударуға тұрарлық. Ал, 1961 жылы «Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан» шыққан Абай шығармаларының бір томдық толық жыйнағының 259-бетіндегі «Қатыны мен Масақбай» өлеңінің бірінші бөлімшесінің ең басындағы «Қатыны» деген тақырыпшадан соң қос нүкте қойылып һәм екінші бөлімшесінің басындағы «Байы» деген тақырыпшадан соң да қос нүкте қойылған себепті өлеңде мағыналық қателік кеткен. Қалай?!.

Мұнда да «Қатыны», «Байы» деген тақырыпшалардан соң қос нүкте қойылмаған жағдайда бәлкім мағыналық қателік кетпес пе еді?!.

Бұлай дейтініміз – кітап соңындағы (612-бетте) дәл осы өлеңге қатысты түсінікте:

«Қатыны мен Масақбай» («Сырмақ қып астына») – өлеңінің тексті Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1910) бойынша алынды. Осы өлеңнің мазмұнына сай ертерек баспаларда қатынының орнына байы Масақбайды, Масақбайдың орнына қатынын жазып теріс басылып жүрген-ді» – деп жазылған.

Бір қызығы, кітапта түсінік бергенде осылай дей отырып, қос нүктені қою арқылы өздері де осындай қателікке байқамастан жол беріп қойған!

Ал, екі бөлімге «Қатыны» және «Байы» (мұнда алдыңғы нұсқадағыдай «айтады» сөзі де жоқ) деп тақырыпша берілген соң, сонынан қос нүкте қойылмағанда, аталған тақырыпшалардан кейін

берілген өлең сөзі де сол «Қатыны» және «Байы» деген сөздерге сай берілген мінездемелік сипатта болар еді. Бірақ осылай болғанның өзінде, сол «Қатыны» («Байы») деген тақырыпшаны да (сәл кідіріс (пауза) қылып) өлеңге қосып барып оқыған жағдайда ғана дұрыс түсінікті мәнге ие болады!

Ал, мұнда қалай, тақырыпша қос нүкте арқылы беріліп тұрған соң, Масақбайдың қатыны туралы мінездемелік сипаттағы шумақтарда («Қатыны» деген бөлімдегі) оның қатыны өзі туралы айтып тұрған сияқты, ал Масақбай туралы мінездемелік сипаттағы шумақтарда («Байы» деген бөлімдегі) Масақбай өзі туралы айтып тұрған сияқты әсер қалдырып тұр. Әрине, бұл дұрыс емес.

Немесе, бірінші тақырыпшаны «Қатыны туралы», екінші тақырыпшаны «Байы туралы» деп әм қос нүктесіз бергенде тіпті түсінікті бола түсер ме еді?!

«Ал, 1957 ж. басылуында тіпті ешқайсысын да атамай, ұғымсыз ғып басыпты. Біз сол кемшілікті түзетіп түп нұсқасын қалпына келтірдік» (Рас, 1957 жылғы кітапта ешқайсысын да атамайды. Бірақ «түзеткен» түрлері әлгіндей – Б. Берікұлы). Түсінік: «Масақбай – Абайдың інісі Ысқақпен ауылдас болған адам. 1910 жылғы Мүрсеит қолжазбасында өлеңнің біраз жолдары ауысып түсіп отырған және кейбір сөздері басқаша басылып келеді. Бұл жинақта 1905-жылғы Мүрсеит қолжазбасы негізінде өлеңнің соңғы жинақтарда басылып жүрген қалпы сақталды», – деп аяқталады. Байқап отырғандарыңыздай, өлеңде біраз «түзетулер» енгізілген... Мәселен, бір ғана «төренің» деген сөзді алсақ та жеткілікті. Керісінше, мұнда дұрысты бұрысқа айналдырып жіберген. Яғни, осылай өлеңнің «кейбір сөздері басқаша басылып» кеткен... Оларға да орайы келгенде тоқталамыз (Екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы мәселелерде айтамыз). Абайдың 1976 жылы шыққан жинағындағы «Қатыны мен Масақбай» өлеңінде де (160-бетте) осындай олқылықтарға орын берілген. Кітапты шығарушылар қатыны туралы сипатталатын (мінездеме берілетін) тұсқа «Қатыны» деп тақырыпша қойған. Байы туралы сипатталатын (мінездеме берілетін) жерге «Байы» деп тақырыпша берген. Екеуінде де осы тақырыпшалардан соң қос нүкте қойылмаған. Дұрыс. Ал, өлеңдегі бұрмалаушылықтарға кейін ораламыз (Үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы мәселелерде айтамыз). Енді мынаған назар аударайық, 1995 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан Абай кітабының 2-ші томында бұл екі бөлімге «Байы айтады», «Қатыны айтады» деген немесе «Қатыны», «Байы» деген тақырыпшалар да қойылмаған. «Аш құлақтан, тыныш құлақ» дегендей, мұнда екі бөлімдік өлең алдына сызық таңбасын қою арқылы ажыратылады. Бұл да болса, әйтеуір, мүлдем жоқтан гөрі бар еңбек. Ал, 1986 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген Абай кітабында (208-бет) және 2005 жылы «Жібек жолы» баспасынан жарық көрген Абайдың толық шығармалар кітабында (209-бетте) сол тақырыпшалар мүлдем алынып тасталған. Түсініксіз. Екінші мәселе: «Төрінің қоқымы» қалай «Төренің қоқымына» айналды?

Өлеңнің 4-ші тармағындағы сөз «Төрінің қоқымын» деп жазылуға тиіс жол 1961 жылғы («ҚКӘБ» баспасы, Алматы) кітап пен 1976 жылғы («Жазушы» баспасы, Алматы) кітаптарда «Төренің қоқымы» деп мүлдем қате жазылып кеткен. «Төренің қоқымы» деген ұғым жоқ әйтпесе, ал төрінің қоқымы бар үй болады.

Үшінші мәселе:

Жүзінің нәрі ме, әлде нұры ма?!

1957 жылғы («ҚКӘБ» баспасы, Алматы, 1-том, 2007-бет),

1961 жылғы («ҚКӘБ» баспасы, Алматы, 259-бет),

1976 жылғы («Жазушы» баспасы, Алматы, 160-бет),

1986 жылғы («Жазушы» баспасы, Алматы, 1-том, 208-бет),

1995 жылғы («Жазушы» баспасы, Алматы, 2-ші том, 16-бет),

2005 жылғы («Жібек жолы» баспасы, Алматы, бір томдық, 209-бет) шыққан Абай кітаптарының бәрінде «нәрі» деп беріледі

Бірақ, бұл да қате. Ал 1936 жылғы кітапта («ҚКӘБ», Алматы, 114-115-беттер) «нұры» деп дұрыс жазылған. Себебі, қазақта «жүзі нәрлі» деген сөз тіркесі жоқ. Ал «жүзі нұрлы екен» деп айту бұрыннан бар. Бір өкініштісі, біз әлі күнге дейін сол 1936 жылы шыққан кітаптағы нұсқаға бет бұра алмай жүрміз.

Төртінші мәселе:

«Күлкі боп көргенге,

Құрбыға қадірсіз.

Ас қылып бергенге

Шыдамас сабырсыз».

Осындағы 1-ші тармақ 1936 жылғы, 1957 жылғы, 1986 жылғы, 2005 жылғы кітаптарда «Күлкі боп көргенге» деп жазылса, 1961 жылғы және 1976 жылғы кітаптарда «Күлкі боп көргенде» деп беріледі. Осы жерде тағы бір мәселе туындайды. Ол – әуезділік. Ырғақ мәселесі әм ұйқас мәселесі. Ал, осы тұрғыда ойласақ, әрине, «күлкі боп көргенге» деген жолды сол қалпында қалдырсақ та болады. «Күлкі боп көргенге» сөзін «күлкі боп көрінгенге» деп ұғынсақ та қате емес. Сонда «күлкі боп көргенге» мен «ас қылып бергенге» сөздері де өзара ұйқасып үндесе береді.

Бесінші мәселе:

«Ас қылып бергенге».

Бірінші «Ас қылып бергенге» сөзіне келейік. 1936, 1957, 1986, 1995, 2005 жылғы кітаптарда осылай берілген. Ал 1961, 1976 жылғы кітаптарда:

«Ас қылып бергенше,

Шыдамас сабырсыз».

Жоғарыда атап өткеніміздей, бұл жердегі «ас қылып бергеншені» (бұрмаланған түрі) қайтадан «ас қылып бергенге» деп алып, алдыңғы «күлкі боп көргенге» деген тармаққа қосарлап сыңарластырсақ. Өлең сазы да қалыпқа түсер еді-ау. Ал, енді Абай шығармаларының мәтінін жеріне жеткізе зерттеген ғалым, әдебиет сыншысы Қайым Мұхамедханов «Абай шығармаларына ғылыми түсініктемелер» атты сүбелі еңбегінде осы тармақтарға қатысты не депті, соған келейік:

«Қатыны мен Масақбай» (1896). Бұл өлең де тұңғыш рет 1933 жылғы жинақта басылған (189 бет). Бұл өлеңді Абай Масақбай мен қатыны атынан айтқан. Масақбай Абайдың інісі Ысқақтың ауылдасы екен, әйелі мен екеуі ұрыса береді екен (1945 жылғы толық жинақ, 443 бет).

Өлеңнің бастапқы шумағының соңғы жолы 1933 жылғы жинақта (189 бет) және 1939 жылғы жинақта (190 бет):

...Бүксійтіп, бықситып, қоқсыйтып келтірді, – деп басылған.

1977 жылғы жинақта:

Бүксітіп,
Бықсытып,
Қоқсытып келтірді, – деп басылған. Түсінік берілмеген.
Үшінші шумақтың төртінші жолы 1933 жылғы жинақта:
Ас қылып бергенге
Шыдамсыз, сабырсыз, – деп дұрыс басылса,

1977 жылғы жинақта:

Шыдамас сабырсыз, – деп басылып, бұрмаланған (Қайым Мұхамедханов, көп томдық шығармалар жинағы, 9-том, «Ел-шежіре», Алматы, 2011. «Абай шығармаларына ғылыми түсініктемелер», 326-327-беттер).

Алтыншы мәселе:
«Шыдамас сабырсыз».

Келтіріп отырған бұл тармақ 1957, 1961, 1976, 1977, 1986 жылғы жинақтарда – Қ.Мұхамедханов зерттеу еңбегінде жазғанындай, «шыдамас сабырсыз» деп бұрмаланып берілген. Ескере кетерлік нәрсе, 1933, 1936 жылғы кітаптарда өлеңнің бұл тармағы «шыдамсыз, сабырсыз» деп дұрыс берілсе де, сол нұсқасы назарға еш ілікпей-ақ келеді. Ал, 1995 жылғы жыйнақта ғана дәл осы тармақ «Шыдамас сабырсыз» деп те жазылмайды, «Шыдамсыз, сабырсыз» деп те жазылмайды. Мәселе «Шыдамас, сабырсыз» деп жазылып, екі сөздің арасына үтір қою арқылы «түзетіледі». Жинақты шығарушылар неге сүйеніп, неліктен мұндай корректуралық күзеуге барғаны белгісіз.

Аңғарсаңыз, «шыдамсыз, сабырсыз» деген нұсқа күшейтпелі шырай міндетін атқарып тұр емес пе?! Сондықтан да, 1933 пен 1936 жылға нұсқаны алған дұрыс деп есептейміз:

«Күлкі боп көргенге,
Құрбыға қадірсіз.
Ас қылып бергенге
Шыдамсыз, сабырсыз».
Алтыншы мәселе:
«Барқылдап,
Тарқылдап,
Салпылдап тоқтады».
Ер салпылдай ма екен?!

Ақын бұл сөзді өз атынан айтып тұрса да, Масақбайдың қатынының атынан байына қарата айтқызып отырса да, сол Масақбайдың жұдырыққа жүгініп барқылдауын да, тарқылдауын да түсінуге болады, бірақ оның салпылдауы қалай?!

Обалы не керек, бұл да 1936 жылғы нұсқада дұрыс берілген екен. Кітапқа кірген өлең мәтінінде қатынның байы еш «салпылдап» (1957, 1961, 1976, 1986, 1995, 2005) жүрген жоқ, керісінше «сарқылдап» деп берілген. Байы қамшы мен жұдырыққа жүгініп тұрса, барқылдап, бұрқ-сарқ ашуланып тұрса, ендеше, қайдағы салпылдау?!

Өкініштісі, біз осы өлең сөзін кейінгі кітаптарда да әлі күнге дейін осылайша «салпылдақ» қылып келеміз! «Жүзінің нұры» дегенді «жүзінің нәрі» деп қате жазып жүрміз!

Сөзімізді қорытындылай келе өз тарапымыздан қосар және бір ойымыз – өлең ер мен әйеліне арналып ақын жақтан жазылып отырғандықтан, әуелі өлең тақырыбын «Қатыны мен Масақбай туралы» деп берсе немесе осы тақырыптан соңғы тақырыпшаларды «Байы айтады», «Қатыны айтады» («Байы», «Қатыны» деп те емес) деп емес, керісінше, «Қатыны туралы айтылады»

(немесе қысқаша «Қатыны туралы»), «Байы туралы айтылады» (қысқаша «Байы туралы») деп берсе болар еді. Сонда өлең табиғаты да ашыла түседі. Һәм жоғарыда келтіргеніміздей небір шатасулар да болмас еді деп ойлаймыз.

Қатыны мен Масақбай
Қатыны туралы
Сырмақ қып астына
Байының тоқымын,
Отының басына
Төрінің қоқымын
Бүксітіп, бықсытып, қоқсытып келтірді.
Осының бәрімен
Көңілінде міні жоқ,
Жүзінің нұры мен
Бойының сыны жоқ.
Бүкшиіп, сексиіп, түксиіп өлтірді.
Байы туралы
Күлкі боп көргенге,
Құрбыға қадірсіз.
Ас қылып бергенге
Шыдамсыз, сабырсыз.
Келді, ойбай, салды айғай, түк қоймай боқтады.
Сөзінің жөні жоқ,
Ақылсыз томырық.
Қатынның күні жоқ –
Қамшы мен жұдырық.
Барқылдап, тарқылдап, сарқылдап тоқтады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

- Абай Құнанбайұлы. Таңдамалы өлеңдер. «Қазақстан көркем әдебиет баспасы». Алматы, 1936.
- Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы, 1-том. «Қазақтың Мемлекеттік көркем әдебиет баспасы». Алматы, 1957.
- Абай Құнанбаев. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. «Қазақтың Мемлекеттік көркем әдебиет баспасы». Алматы, 1961.
- Абай. Өлеңдер. «Жазушы» баспасы, Алматы, 1976.
- Абай (Ибраһим Құнанбаев). Екі томдық шығармалар жинағы, 1-том. «Жазушы» баспасы, Алматы, 1986.
- Абай. «Жазушы» баспасы, 2-том. Алматы, 1995.
- Абай, толық шығармаларының бір томдығы, «Жібек жолы» баспасы, Алматы, 2005.
- Қайым Мұхамедханов. Көп томдық шығармалар жинағы, 9-том. «Ел-шежіре» баспасы, Алматы, 2011.
- 11.05.2016